

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы N 1247 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 24 желтоқсан N 1683. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1110 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1110 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің ережелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы N 1247 P991247_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 42, 384-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің ережелерінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Адвокаттардың Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің Z970206_ 72-бабына, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің K990411_ 114 және 304-баптарына, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы K010155_ Кодексінің 590-бабына және "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Z970195_ Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 2-тармағына ("Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында көзделген жағдайлардан басқа) сәйкес ақы төлеуден босатылған адамдарға көрсетілетін заң көмегіне ақы төлеу және осы жағдайларда қорғау мен өкілдік етуіне байланысты шығыстарды өтеу республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Заң көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды республикалық бюджет қаражатының есебіне жатқызу үшін қылмыстық істі жүргізетін органның, судьяның, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органның (лауазымды адамның) қаулысы және өндірісінде осы іс бар соттың (бұдан әрі - тиісті орган) азаматтық істер жөніндегі ұйғарымы негіз болады.

Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу туралы қаулыны немесе

ұйғарымды шығару және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу үшін адвокаттың өтініші негіз болып табылады.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Соттың, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органның (лауазымды адамның) адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу туралы қаулысы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы шығарумен бір мезгілде шығарылады." ;

5-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу туралы қаулыда немесе ұйғарымда тиісті органның атауы (анықтаушының, тергеушінің, судьяның, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген лауазымды адамның тегі, аты-жөні); істің нөмірі; тапсырманы орындаған адвокаттың тегі, аты-жөні; заң көмегіне ақы төлеуден босатылған адамның тегі, аты-жөні; адвокаттың алдын ала тергеуге, анықтауға және сот отырысына қатысуға іс жүзінде жұмсаған сағаттардың күндер бойынша жазылған саны; сот анықтауына (істің материалдарымен танысу, тергеу изоляторындағы айыпталушыға жолығу) дайындалу, оған ескерту жасалған жағдайда сот отырысының хаттамасын зерделеу; ол мүшесі болып табылатын тиісті адвокаттар алқасының толық атауы мен банк деректемелері көрсетіледі." ;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Адвокаттың іс бойынша өндіріске қатысқан бір сағат ішіндегі заң көмегіне ақы төлеудің ең аз мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшерінің 1/21 есебінен белгіленеді.

Бұл ретте бір сағаттық төлем мөлшері белгіленген тәртіппен айқындалған адвокаттың соңғы екі айдағы орташа сағаттық жалақысынан төмен бола алмайды . " ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 68-бабында белгіленген мерзім аяқталатын, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайда түнгі уақытта сезіктіден немесе айыпталушыдан жауап алуда адвокаттың қатысуының әр сағатына осы Ереженің 6-тармағында белгіленген төлемнен бір жарым мөлшерден кем түспейтін төлем жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің Z970206_ 68-бабында белгіленген мерзім аяқталатын демалыс және мереке күндері сезіктіден немесе айыпталушыдан жауап алуда адвокаттың қатысуының әр сағатына осы Ереженің 6-тармағында белгіленгеннен кемінде екі есе жоғары мөлшерде төлем жүргізіледі . " ;

8-тармақтың төртінші абзацындағы "ұйымдарының" деген сөз "мекемелерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

9-тармақтағы "тиісті органның" деген сөздер "республикалық бюджеттің тиісті бағдарламасы әкімшісінің аумақтық органының (бұдан әрі - аумақтық орган)" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу туралы тиісті органның қаулылары немесе ұйғарымдары түскен кезде, тиісті аумақтық органның бухгалтериясы қажетті есептер және іссапар жөніндегі құжаттарға тексерулер жүргізген соң, есепті ай үшін адвокаттарға төлеуге жататын қаражаттың сомасы туралы өтінім жасайды және есепті айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде оны жоғары тұрған органға жібереді";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қаржы министрлігі республикалық бюджет шығыстарының бекітілген тізімдемесі шегінде қазынашылық рұқсаттардың 1-нысаны бойынша өз рұқсатымен аумақтық органға бюджеттік қаражатты жұмсау лимитін 2-нысан бойынша жеткізетін тиісті бағдарламалардың әкімшілеріне ай сайын сомаларды бөлуді жүзеге асырады.";

12-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Аумақтық орган жоғарыда көрсетілген мақсаттарға арналған қаражат түскен күннен бастап бес банктік күннен кешіктірмейтін мерзімде соманы адвокаттар алқасымен жасалған және аумақтық қазынашылық органда тіркелген шартқа сәйкес, аумақтық адвокаттар алқасының есеп айырысу шотына аударады"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК